

**Қазақстан Республикасы ІІМ Б.Бейсенов атындағы
Қарағанды Академиясы**

Әскери және арнайы - тактикалық даярлық кафедрасы

АТЫС ДАЯРЛЫҒЫ

№10-Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарындағы атыс қаруларынан
атыс даярлығы тәлімдеменің негізгі ережелері тақырыбы бойынша

ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМ

Дайындаған: аға оқытушы, полиция
подполковнигі Н.Ж. Қожамжаров
Қайта жазып өңдеген:
полиция полковнигі І.Б.Нысанқұлов

ҚАРАҒАНДЫ қ. 2016ж.

Оқу- тәрбиелік мақсаты:

1. Курсанттарды Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарында атыс даярлығы тәлімдемесінің негізгі ережелерімен таныстыру.
2. Курсанттарды қызметтік борышын адал атқаруға және атыс қаруын қолдануда заң талаптарын қатаң сақтауға тәрбиелеу.

Сабак түрі: тәжірибелік**Әдісі:** әңгіме жүзінде түсіндіру, көрсету**Өткізілетін орын:** атыс даярлық сыныбы**Оқулық сұрақтар:**

1. Жалпы ережелер
 - а) атысты ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулар
 - ә) атыс қарулары мен оқ дәрілерді қолданған кездегі қауіпсіздік шаралары.
2. Атысқа арналған жаттығулар
3. Атыс даярлығын бағалау
4. Атыс даярлығы бойынша нормативтер

Әдебиеттер :

1. 1995жылғы 30тамызындағы Қазақстан Республикасының Конституциясы.
2. «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 23 сәуірдегі № 199-V Заңы.
3. «Қазақстан Республикасының Құқық қорғау қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2011жылғы 6 қаңтардағы № 380-IV (ҚР 23.04.2014 N 200-V, ҚР 29.10.2015 № 374-V толықтырулар мен өзгертулер) заңы.
4. «Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдарында кәсіби қызметтік және дене шынықтыру даярлығын ұйымдастыру туралы» Қазақстан Республикасының ІІМ 2013 жылғы 06наурыздағы № 10 қбпү бұйрығы.
5. В.А.Момынов. Основы стрельбы из служебного пистолета. М., 1973.
6. Наставление по стрелковому делу. М., 1987.
7. В.А.Кальченко. Формирование профессиональных навыков владения личным оружием у инспектора уголовного розыска. Омск; 1981.
8. С.Н. Солохин. Учебное пособие по огневой подготовке. «Огневая подготовка сотруд-ников ОВД». Алматы, 2003.
9. Ішкі істер органдары қызметкерлерінің атыс қаруларын қолдануғы құқықтық және ұйымдастырушылық негіздері мен оларды атыс ережелеріне үйрету әдістемесі. Акмола, 1998.
10. И.А.Дворяка. Боевая подготовка работников ОВД. М., 1991.
11. А.Потапов. Приемы стрельбы из пистолета. М., 2005.
12. І.Б. Нысанқұлов. Оқу құралы. «Атыс дайындығы». Қарағанды, 2008.
13. І.Б. Нысанқұлов. Оқу құралы. «Атыс даярлығы». Қарағанды, 2012.

ӘДІСТЕМЕЛІК-ҰЙЫМДАСТЫРУҒА НҰСҚАУЛАР

Қазақстан Республикасының ПО-да атыс дайындығы бойынша тәлімдеме ПО-ның қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының жедел-қызметтік тапсырмаларды орындау кезінде жауынгерлік атыс қарудың шебер және тиімді қолдану мен пайдалануға үйрету тәртібін белгілейді.

ПО бөліністерінде атыс дайындығын ұйымдастыру;

Қызметкерлерінің ПО-ның қару-жарақ есебінде тұрған атыс қаруын қолдануда тұрақты дағдыларды қалыптастыру; қызметкерлердің қызметтік жұмыстағы әртүрлі жағдайларында қарумен әрекет жасауына және қарудың көмегімен құқыққа қарсы әрекеттерді заңды алдын алуға дайындығын қамтамасыз ету;

Тәлімдеменің ережелері мен талаптарын тиімді іске асыру: қызметкерлер қарудың материалдық бөлімін, атудың негіздерін, тәсілдерін және ережелерін білумен; атыс қаруы мен оқ-дәрілерді қолдану кезінде қауіпсіздік шараларын сақтаумен; атыс даярлығы бойынша сабақтарды ұдайы өткізумен;

бөліністерде оқу сабақтары мен атыстарды ұйымдастыратын және өткізетін адамдардың жоғары кәсіптік және әдістемелік дайындығымен, атыс даярлығын ұтымды және тиімді жоспарлаумен; қару мен оқ-дәрілер жай-күйінің атысқа дұрыс дайындығымен; әртүрлі нысаналы жағдайда жасауға және қызметкерлерге атыс даярлығының барлық бөлімдері бойынша кешенді сабақ беруге мүмкіндік беретін жақсы жабдықталған оқу-әдістемелік базаның болуымен қамтамасыз етіледі.

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының ПО-да аттыс дайындығы бойынша осы Тәлемдеме ПО-ның қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының жедел-қызметтік тапсырмаларды орындау кезінде жауынгерлік атыс қарудың шебер және тиімді қолдану мен пайдалануға үйрету тәртібін белгілейді.

2. Тәлімдеменің негізгі міндеттері:

- 1) ПО бөліністерінде атыс дайындығын ұйымдастыру;
- 2) Қызметкерлердің ПО-ның қару-жарақ есебінде тұрған атыс қаруын қолдануда тұрақты дағдыларды қалыптастыру;
- 3) қызметкерлердің қызметтік жұмыстағы әртүрлі жағдайларында қарумен әрекет жасауына және қарудың көмегімен құқыққа қарсы әрекеттерді заңды алдын алуға дайындығын қамтамасыз ету;

3. Тәлімдемені тиімді іске асыру:

- 1) қызметкерлердің қарудың материалдық бөлімін, атудың негіздерін, тәсілдерін және ережелерін білумен;
- 2) атыс қару мен оқ-дәрілерді қолдану кезінде қауіпсіздік шараларын сақтаумен;
- 3) қызметкерлердің атыс қарудан атуға психологиялық дайындығымен;
- 4) атыс даярлығы бойынша сабақтарды ұдайы өткізумен;
- 5) бөліністерде оқу сабақтары мен атыстарды ұйымдастыратын және өткізетін адамдардың жоғары кәсіптік және әдістемелік дайындығымен, атыс даярлығын ұтымды және тиімді жоспарлаумен;
- 6) қару мен оқ-дәрілер жай-күйінің атысқа дұрыс дайындығымен;
- 7) әртүрлі нысаналы жағдайда жасауға және қызметкерлерге атыс даярлығының барлық бөлімдері бойынша кешенді сабақ беруге мүмкіндік беретін жақсы жабдықталған оқу-әдістемелік базаның болуымен қамтамасыз етіледі.

4. Атыс жаттығуларын орындау үшін:

- 1) қарудың материалдық бөлімін, оны қолдану кезінде қауіпсіздік шараларын мұқият зерделеу;
- 2) ату тәсілдері мен ережелерін, жаттығуларды орындау шарттары мен тәртібін зерделеу;
- 3) атыс даярлығы бойынша нормативтермен жұмыс істеу;
- 4) оқу қаруын пайдаланумен жаттығулар орындау;
- 5) қару мен оқ-дәрілерді қолдану кезінде қауіпсіздік шаралар, қарудың материалдық бөлімі, жаттығулар, нормативтер негіздері бойынша сынақ тапсыру қажет, сынақ тапсырмаған қызметкерлер атуға жіберілмейді;
6. қару - жарақ есебіне қарудың жаңа түрлері келіп түскен кезде атыс жетекшісі жаттығулар орындау алдында қарудың аталған түрін қолданған кезде оның материалдық бөлімі мен қауіпсіздік шараларын зерделеуін қамтамасыз етеді, қызметкерлерден сынақ қабылдайды.
7. Қызметкерлердің ату жаттығуларын орындау нәтижелері қызметтік және жауынгерлік даярлық бойынша сабақтарды есепке алу журналының тиіс бөліміне енгізіледі.

8. Бөліністер бастықтары қарамағындағы қызметкерлерінің атыс білімі деңгейін жетілдіру мақсатында оқу процесінде әртүрлі ату жаттығуларын мен оқытудың жаңа әдістерін, сондай-ақ бөліністегі қарудың басқа да түрлерін қолдануға рұқсат беріледі. Бұл ретте орындалатын жедел-қызметтік міндеттердің спецификасы, қызметкерлердің дайындық деңгейі, материалды – техникалық базаның болуы, қауіпсіздік шаралары ескертілуі қажет.

а) Атысты ұйымдастыру және өткізу.

Ату тирлерде немесе атыс орындарында /полигонда/ өткізіледі.

Бұл ретте:

1) **жауынгерлік жабдықтау пункті** – нысаналарды қарау және қолданылмаған оқ-дәділерді есепке алу, беру және тапсыру орны, ол тылда бастапқы шептен /3-5м/ қашықтықта орналасады;

2) **бастапқы шеп** – кезекті ауысымды сапқа тұрғызуға және дайындауға арналған орын, ол тылда атыс шебінен /3-5м/ қауіпсіз қашықтықта орналасады;

3) **атыс шебі** – орындалатын жаттығулардың шарттары бойынша ату жүргізуге рұқсат етілген орын;

4) **нысаналарды қарау шебі** – нысаналарды қарауға және ату нәтижелерін бағалауға арналған орын, ол нысана сызығынан 1,5-2 м. қашықтықта орналасады;

Оқу- тәжірибелік атыстарға жеке құрамға бекітілген қаруларды беру ауыстыру – карточкасы бойынша, ПО бастығының рұқсатымен бөліністер бойынша жауапты кезекшімен жүргізіледі.

Бөліністердің басшылары жеке құрамның бекітілген қарумен атыстар жүргізілетін жерге баруды бақылауды қамтамасыз етеді.

Қызметкерлер тирге немесе атыс орнына күнделікті нысандық киімде (орындалатын міндеттердің спецификасына байланысты нысандық киімді кию көзделмеген адамдардан басқа) келеді.

Қызметкерлер түзу, қалыпты атуға келтірілген қарудан атады. Қалыпты атуға келтірілмеген қарудан атуға тыйым салынады.

Атыс орнының командалық пунктінде (полигонда) атуға тыйым салатын (қызыл түсті) немесе рұқсат ететін (ақ түсті) белгі беру үшін құрылғымен жабдықталады.

Қызметкерлер атыс орнына (полигонға) келгеннен кейін атыс басшысының командасы бойынша командалық пункте ақ жалауша (түнгі уақытта (тәуліктің қараңғы уақытында)- ақ фонарь) көтеріледі, ауысым бастапқы шепке шыққан кезден атуды аяқтау («тоқта», «тоқта, атуды аяқта», «аяқталды» командасы келіп түскенге дейін ақ жалаушаның орнына қызыл жалауша (түнгі уақытта (тәуліктің қараңғы уақытында) – қызыл фонарь) орнатылады немесе көзбен көрінетін сигналдық құрылғының (КСҚ) қызыл жарты шеңбер ашылады.

Көзделген жерге тимегенін хабарлайтын техникалық құралдарды пайдалана отырып атыс жүргізген жағдайда, нысананы қарау жүргізілмеуі мүмкін, атушылардың әр жолғы ауысымының атысы біткеннен кейін «еркін тұр» сигналы (ақ жалауша) берілмеуге болады. Сонымен қатар қызыл жалауша (КСҚ көрінетін сигналдық құрылғы қызыл жарты шеңбер) ауыстырылмайды.

Атушылардың кезекті ауысымы, бұл жағдайда ату жаттығуларын атыс басшысының командасымен орындайды. Көздеген жерге тиген-тимегені жөніндегі хабарлама болмаған жағдайда нысананы қайта қарауды атыс басшысы белгілейді (кешенді, бақылау және жоспардан тыс тексерулер кезінде, олардың тимегені жөнінде хабар болғанына қарамастан нысананы қарау тексерушінің шешімімен жүргізіледі).

Атыс орнына (полигонда) атысты түнгі уақытта ұйымдастыру және өткізу барысында белгілер орнатылады: көздейтін аймақтың түбінде әсіресе атыс бағытына әр участікке жасыл түсті сәулелі бағыттама қойылады; қапталдарда қызыл фонарьлар, атыстың қауіпті бағыттарының шегін көрсетеді. Атып жатқан ауысымға келесі фонарьлар қойылады: бастапқы шепде – ақ түсті, атыс шебінде – қызыл түсті. Түнде көздейтін және түнде көретін құралдары бар үйренушілер, жаттығуларды аталған құралдарды пайдаланып орындайды.

Қызметкерлер атыс жаттығуларын үнемі орындайтын жедел- қызметтік тапсырмалардың ерекшелігіне қарай, арнайы қорғану құралдарын (бронезелет, арнайы шлем және басқалар) пайдалана отырып орындаулары керек.

Газ тұтқыш киіп ату жаттығу талаптары өзгертусіз орындалады. Бастапқы шепде атыс басшысының берген «газ» командасымен жеке құрам газ тұтқыштарын киеді және атыстың аяқталған уақытында дәл соның «еркінде» командасымен шешеді.

Оптикалық көзілдірік қолданатын қызметкерлер реттегіш әйнекті газ тұтқыш киіп ату қаруымен жаттығу орындайды. Газ тұтқыштардың реттегіш әйнегі болмаған жағдайда қызметкерлерге жаттығуларды газ тұтқышсыз орындауға рұқсат етіледі.

Тапаншамен, оның құрамды бөліктерімен және оқ – дәрілерімен атыс барысында берілген команда бойынша қарумен іс - әрекет.

- 1) Жаттығуды орындауды бастар алдында атыс басшысы ауысымның дайындығын тексереді және ауысымға оқ – дәрілер беру жөнінде таратушыға команда беріледі;
- 2) Атыс басшысының командасымен таратушы оқ – дәрілер береді;
- 3) Курсант оқ - дәрілерді алғаннан кейін оларды тексереді және таратушыға оларды алғаны және тексергені жөнінде баяндайды, мысалы: «Сержант Омаров үш атыс оғын алды және тексерді, ескертулер жоқ»;
- 4) Бастапқы шепте атыс басшысы жаттығуларды орындау тәртібіне сәйкес әр курсантқа мақсатын, ату жағдайын, атыс түрін белгілейді, жаттығуды орындау тәртібін анықтайды (атыс шептері, қозғалыс бағытын және оқ ату кезегін);
- 5) Атыс басшысының «Ауысым атыс шебіне–адымда» командасы бойынша курсанттарын атыс шебіне жылжиды және бастапқы жайды қабылдайды (бет жағымен нысанаға);
- 6) «Оқжатарды жабдықта» командасы бойынша үйренуші тапаншаны кобурадан шығарады, оқжатарды тапанша сабындағы негізінен шығарады (Бұл ретте сұқ саусақты тежегіш ілмеде ұңғыдан алыс ұстайды, тапанша өз нысана бағытына бағытталады), тапаншаны өз нысана бағытына

- тіреуішке қояды (сақтандырғышты жоғары қаратып) және оқжатарды оқпен жарақтайды;
- 7) «Оқжатарды қой» командасы бойынша курсант жабдықталған оқжатарды тіреуішке қояды;
 - 8) «Кұлаққапты ки» командасы бойынша курсант шуылға қарсы құлаққапты киеді;
 - 9) «Оқта» командасы бойынша үйренуші кобурадан (тіреуіштен) тапаншаны алады, жабдықталған оқжатарды тапанша сабының негізіне орнатады, атысқа дайын тұрады, тапаншаны кобураға (тіреуішке) салады және нысанаға бет жағымен қарап тұрып, атысқа дайын екені туралы баяндайды, мысалы: «Сержант Омаров атуға дайын»;
 - 10) «Ат» командасы бойынша үйренуші кобурадан тапаншаны шығарады, сақтандырғышты өшіреді, оқты оқтағышқа салады және жаттығуды орындаудың шарттары мен тәртібіне сәйкес көздеп атады. Атыс аяқталғанда курсант ағытқыш ілмектен саусағын алып қаруды нысана бағытында ұстайды.
 - 11) «Алға» командасы бойынша үйренуші атыс шебіне жылжиды, тапаншаны кобурадан шығарады, сақтандырғышты ажыратады, оқты оқтағышқа салады және жаттығуды орындаудың талаптарына және тәртібіне сәйкес екі қолмен, не бір қолмен көздеп атады. Атыс аяқталғанда бастапқы жайды қабылдайды және сақтандырғышты қосады.
 - 12) Шектелген уақытта атыс жағдайында, жаттығуды орындаудың нормативті уақыты біткенде «Тоқта» командасы беріледі, осыдан кейін атушы атысты тоқтатып және ағытқыш ілмектен саусағын алып, қаруды нысана бағытына ұстайды;
 - 13) «Тоқта» командасынан кейін, сондай-ақ атыс біткеннен кейін оқ-дәрілер толық жұмсалған жағдайда «Оғын ал» командасы беріледі;
 - 14) «Оғын ал» командасы бойынша курсант: тапаншаның сап негізінен оқжатарды шығарады, оқжатарды тіреуішке қояды, оқты оқ салғыштан шығарады (оқ болған жағдайда), сақтандырғышты қосады, тапаншаны тіреуішке қояды, түскен оқты көтереді, оқтарды оқжатардан шығарады (оқ болған жағдайда), тіреуіштен тапаншаны алып, оқжатарды сап негізіне орнатады, сақтандырғышты ажыратады және оны бекітпе кідіріске қойып, бекітпені соңғы бұрынғы жайға келтіреді, бұл ретте тапанша нысана бағытына бағытталады;
 - 15) Жеке жағдайларда ату жүргізуді уақытша тоқтату қажеттілігі туындауы мүмкін; бұл ретте «Тоқта, атуды аяқта» командасы беріледі. Осы команда бойынша атушылар атуды тоқтатады және сақтандырғышты қосады; атуды жалғастыру үшін «Ат» командасы беріледі, ол бойынша үйренуші сақтандырғышты ажыратады және атуды жалғастырады;
 - 16) Атыс аяқталғаннан кейін үйренуші бастапқы жайды қабылдайды және бұл туралы атыс басшысына баяндайды, мысалы: «Сержант Омаров атысты аяқтады»
 - 17) «Қаруды тексеруге» командасы бойынша үйренуші тапаншаның сап негізінен оқжатарды шығарады және қолдағы қарудың

сақтандырғышының жанында оқжатардың оқ берушісі бекітпеден 2-3 см биік болатындай етіп қолдың үлкен саусағына тақайды, сұқ саусақ ағытқыш доғада тұрады, тапанша нысана бағытына бағытталады;

- 18) «Тексерілді» командасы бойынша үйренуші оқжатарды бос қолына алады, бекітпені бекітпе кідірісен шешеді, нысана бағытына шүріппені қорытындылай ағытады, сақтандырғышты қосады, оқжатарды сап негізіне орнатады, тапаншаны кобураға салады;
- 19) Нысаналарды тексеру «Ауысым нысанаға адым (жүгіре) - бас» командасы бойынша жүргізіледі.

б) Атыс қаруын және оқ – дәрілерді пайдалану барысында қауіпсіздік шаралары

Атыс өткізу алданда атыс басшысы нұсқамалық жүргізеді, аяқталған соң қызметкерлер ведомоске қол қояды.

Қауіпсіздік шараларының негізгі ережелері:

- 1) Қауіпсіздік, атыс барысында Тәлімдемені қатаң сақтаумен, атысты дұрыс ұйымдастырумен, қызметкерлердің жоғарғы тәртіптілігімен қамтамасыз етіледі;
- 2) Әр қызметкер, қаруларды және оқ – дәрілерді пайдалану барысында бекітілген қауіпсіздік шараларын білуі және сөзсіз сақтауы тиіс;
- 3) Қауіпсіздік, атыс өткізу барысында:
өткізілетін іс – шараның дәл және сауатты басқарылуымен, қарудың, оқ қабылдағыштың ақаусыздығымен, жарықтандырумен, күшейту және команда беру құралдарымен қамтамасыз етіледі;
- 4) Оқ атуға рұқсатты тек қана атыс басшысы немесе оның көмекшісі береді. Оқ ату «Ат» немесе «Алға» командасымен жүргізіледі. Атыс «Тоқта», «Тоқта, атуды тоқтат» немесе «Еркінде» командасымен тоқтатылады.
- 5) Шуға қарсы құлаққаппен атысу барысында, қолға қару ұстап тұрып оны киюге, дұрыстауға және шешуге тыйым салынады;
- 6) Атыс және бастапқы шепте, ұялы байланыс құралдары сөндірулі болуы тиіс;
- 7) Бекітпенің еркін барысы қарудан ату кезінде ұстау қол жарақаты мүмкіндігін болдырмайтындай қауіпсіз болуы тиіс;
- 8) Бұрылу, аунау, тоңқалау және секірумен байланысты ату жаттығуларын орындау кезінде қарудың сақтандырғышы оқ атқан сәтке дейін қосылып тұруы тиіс;
- 9) Қозғалыста ату жаттығуларын орындау кезінде, сондай-ақ шектелмеген уақытта ату кезінде атыстар арасындағы үзілісте қаруды алға (өз алдына) бұру қажет;
- 10) Мынадай жағдайларда барлық атушылар өз еріктерімен немесе атыс басшысының командасымен оқ атуды доғарулары керек:
адамдар, машина немесе жануарлар нысана алаңында пайда болған жағдайда, сондай – ақ ұшатын аппараттардың атыс аумағынан төмен ұшқанда;
командалық пунктте немесе блиндажда (панады) ақ жалауша (фонарь) көтерілгенде;

атыстан оқ шыққан жағдайда;

11) Мыналарға қатаң түрде тыйым салынады:

1. қалыпты атысқа келтірілмеген қарудан атуға;
2. атыс жетекшісінің рұқсатынсыз қаруды қабынан алуға немесе оны кобурадан шығаруға;
3. қару оқтаулы не оқтаулы еместігіне қарамастан, оны адам (адамдар) жаққа немесе оның (олардың) аяқ асты шығатын бағытына бағыттауға;
4. қолдағы қарумен шуға қарсы құлаққапты киюге, ретке келтіруге немесе шешуге;
5. ұңғының нысана бағытына бағыттағанға дейін ағытқыш ілмекке саусақ тигізуге;
6. атыс басшысының командасынсыз қаруды жауынгерлік немесе бос патрондармен оқтауға;
7. атыс орнының (полигонның) командалық пунктінде ақ жалауша (фонарь) көтерулі тұрған жағдайда атыс жетекшісінің командасынсыз қауіпті бағыттарға оқ атуға және ату жүргізуге;
8. атыс шебінде немесе өзге де орында оқтаулы қаруды қалдыруға, сондай-ақ оны басқа адамға беруге;

Атысқа арналған жаттығулар

Тапаншадан ату үшін оқу жаттығулар кешені:

1-жаттығу.

Жылжымайтын нысана бойынша күндізгі уақытта (тәуліктің жарық уақытында) орнынан ату

Нысана: шеңбері бар көкірек пішіні 0,75x0,75 м қалқандағы №4 нысана (6-қосымша), атушы көзінің деңгейі биіктігінде орналасқан, жылжымайтын.

Нысанаға дейінгі аралық: 25 м

Патрон саны: 8 (3-еуі сынама + 5-еуі сынақ).

Атуға берілген уақыт: 1 минут.

Атуға арналған жағдай: түрегеліп тұрып.

5 сынақ үшін баға:

«өте жақсы» - 40 ұпай;

«жақсы» - 30 ұпай;

«қанағаттанарлық» - 20 ұпай;

Жаттығу орындау тәртібі: Атыс басшысының «Ат» командасы бойынша атыс шебінде үйренуші ату үшін жағдайды қабылдайды, кобурадан тапаншаны алады, сақтандырғышты ажыратады, оқсалғышқа оқты салады, бес рет көздеп атады.

2-жаттығу.

Жылжымайтын нысана бойынша күндізгі уақытта (тәуліктің жарық уақытында) шектелген уақытта орнынан ату.

Нысана : шеңбері жоқ көкірек пішіні 0,75x0,75 м қалқандағы №6 нысана (6-қосымша), атушы көзінің деңгейі биіктігінде орналасқан, жылжымайтын.

Нысанаға дейінгі аралық: 15 м

Патрон саны: 8 (4-еуі сынама + 4-еуі сынақ).

Атуға берілген уақыт: 15 секунд. Жаттығуды орындау уақыты команда (сигнал) берілгеннен бастап «Ат» әрекеті басына «Тоқта» командасына дейін есептеледі.

Ату үшін жағдай: түрегеліп тұрып. Лауазымдық міндеттерін қарумен орындайтын қызметкерлер үшін тапанша кобурада тұрады. Қалған қызметкерлер үшін тапанша тіреуіштер жатады (тапанша ұңғысы нысана бағытына бағытталған).

Егер үйренуші төрт рет атса және жаттығуға берілген уақыттан асырмаса жаттығу орындалды деп есептеледі.

Бағасы:

«өте жақсы» - нысанаға төрт рет дәл тигізу;

«жақсы» - нысанаға үш рет дәл тигізу;

«қанағаттанарлық» - нысанаға екі рет дәл тигізу;

Жаттығу орындау тәртібі: Атыс шебінде атыс басшысының «Оқта» командасы бойынша үйренуші тапаншаны кобурадан алады, жарақталған оқжатарды сап негіздемесіне салады және кобураға салып қояды (не болмаса тіреуішке қояды), кобураның ілмегін салады, атысқа ылғайлануды қабылдайды (қолды тік ұстап төменге түсіру) және атысқа дайындығы туралы баяндайды. Үйренушінің атысқа дайындығын тексеріп, атыс басшысы «Ат» командасын береді және бір уақытта секундомерді қосады. Осы команда бойынша үйренуші тапаншаны кобурадан (тіреуіштен) алып шығады, ату үшін жағдайды қабылдайды, сақтандырғышты ажыратады, оқсалғышқа оқты салады (тапаншаны бір уақытта көтеріп, оны нысана бағытына бағыттайды) және төрт рет көздеп атады. Жаттығу орындауға берілген уақыт аяқталған соң атыс басшысы «Тоқта» командасын береді. «Тоқта» командасынан кейін атыс тоқтатылады. Үйренуші ағытқыш ілмектен саусағын алады және қаруды өз нысана бағытында ұстайды.

«Тоқта» командасынан кейін жасалған әрбір атыс үшін бір оқ өткен жер алынып тасталады.

3-жаттығу.

Жылжымайтын нысана бойынша күндізгі уақытта (тәуліктің жарық уақытында) шектелген уақытта ату үшін ұстанымды ауыстыра отырып орнынан ату.

Нысана : шеңбері жоқ көкірек пішіні 0,75x0,75 м қалқандағы №6 нысана (6-қосымша), атушы көзінің деңгейі биіктігінде орналасқан, жылжымайтын.

Нысанаға дейінгі аралық: 25 м

Патрон саны: 12 дана (6 сынама + 6 сынақ).

Атуға берілген уақыт: 20 секунд. Жаттығуды орындау уақыты команда (сигнал) берілгеннен бастап «Ат» әрекеті басына «Тоқта» командасына дейін есептеледі.

Ату үшін жағдай: түрегеліп тұрып, тізерлеп отырып. Лауазымдық міндеттерін қарумен орындайтын қызметкерлер үшін тапанша кобурада тұрады. Қалған қызметкерлер үшін тапанша тіземен тұрып атуға кедергі жасамайтын шетте тұрған тіреуіште жатады (ұңғы нысана бағытына бағытталған).

Егер үйренуші алты рет атса және жаттығуға берілген уақыттан асырмаса жаттығу орындалды деп есептеледі.

Бағасы:

«өте жақсы» - нысанаға төрт рет дәл тигізу;

«жақсы» - нысанаға үш рет дәл тигізу;

«қанағаттанарлық» - нысанаға екі рет дәл тигізу;

Жаттығу орындау тәртібі: Атыс шебінде атыс басшысының «Оқта» командасы бойынша үйренуші тапаншаны кобурадан алады, жарақталған оқжатарды сап негіздемесіне салады және кобураға салып тастайды (не болмаса тіреуішке қояды), кобураның ілмегін салады, жауынгерлік қалыпты қабылдайды (қолды тік ұстап төменге түсіру) және атысқа дайындығы туралы баяндайды. Үйренушінің атысқа дайындығын тексеріп, атыс басшысы «Ат» командасын береді және бір уақытта секундомерді қосады. Осы команда бойынша үйренуші тапаншаны кобурадан (тіреуіштен) алып шығады, ату үшін жағдайды қабылдайды, сақтандырғышты ажыратады, оқсалғышқа оқты салады (тапаншаны бір уақытта көтеріп, оны нысана бағытына бағыттайды) және үш рет түрегеліп, үш рет тізерлеп көздеп атады. Жаттығу орындауға берілген уақыт аяқталған соң атыс басшысы «Тоқта» командасын береді. «Тоқта» командасынан кейін атыс тоқтатылады. Үйренуші ағытқыш ілмектен саусағын алады және қаруды өз нысана бағытында ұстайды.

«Тоқта» командасынан кейін жасалған әрбір атыс үшін бір оқ өткен жер алынып тасталады.

4-жаттығу.

Жылжымайтын нысана бойынша күндізгі уақытта (тәуліктің жарық уақытында) шектелген уақытта ату үшін ұстанымды ауыстыра отырып орнынан ату.

Нысана : шеңбері жоқ көкірек пішіні 0,75x0,75 м қалқандағы №6 нысана (6-қосымша), атушы көзінің деңгейі биіктігінде орналасқан, жылжымайтын.

Нысанаға дейінгі аралық: 25 м

Патрон саны: 8 дана (4-еуі сынама + 4-еуі сынақ).

Атуға берілген уақыт: 15 секунд. Жаттығуды орындау уақыты команда (сигнал) берілгеннен бастап «Ат» әрекеті басына «Тоқта» командасына дейін есептеледі.

Ату үшін жағдай: түрегеліп тұрып. Қару кобурада тұрады не болмаса тіреуіште жатады.

Егер үйренуші төрт рет атса және жаттығуға берілген уақыттан асырмаса жаттығу орындалды деп есептеледі.

Бағасы:

«өте жақсы» - нысанаға төрт рет дәл тигізу;

«жақсы» - нысанаға үш рет дәл тигізу;

«қанағаттанарлық» - нысанаға екі рет дәл тигізу;

Жаттығу орындау тәртібі: Атыс басшысының командасымен үйренуші атыс шебіне шығады бастапқы жағдайда тұрады (қолдың жауынгерлік қалпы тік төмен қарай түсірілген) және атысқа дайындығы туралы баяндайды. Үйренушінің атысқа дайындығын тексеріп, атыс басшысы «Ат» командасын

береді және бір уақытта секундомерді қосады. Осы команда бойынша үйренуші тапаншаны кобурадан (тіреуіштен) алып шығады, ату үшін жағдайды қабылдайды, сақтандырғышты ажыратады, оқсалғышқа оқты салады (тапаншаны бір уақытта көтеріп, оны нысана бағытына бағыттайды) және төрт рет көздеп атады. Жаттығу орындауға берілген уақыт аяқталған соң атыс басшысы «Тоқта» командасын береді. «Тоқта» командасынан кейін атыс тоқтатылады. Үйренуші ағытқыш ілмектен саусағын алады және қаруды өз нысана бағытында ұстайды.

«Тоқта» командасынан кейін жасалған әрбір атыс үшін бір оқ өткен жер алынып тасталады.

5- жаттығу. Жылжымайтын нысана бойынша ату үшін жағдайды алмастыра отырып орнынан ату.

Нысана : шеңбері бар көкірек пішіні, №4 нысана немесе көкірек пішіні 75x75 см қалқандағы №6 нысана, көз деңгейі биіктігінде орналасқан, жылжымайтын.

Нысанаға дейінгі аралық: 10 м.

Оқ саны: 3 дана.

Атуға берілген уақыт: күндізгі уақытта (тәуліктің жарық уақытында) - 10 с., түнгі уақытта (тәуліктің қараңғы уақытында) - 14 с.

Ату үшін жағдай: оң қолмен, екі қолмен, сол қолмен түрегеліп тұрып (үйренушінің тандауы бойынша кез келген дәйектіліктегі ату үшін барлық үш жағдайды да пайдалану).

Жаттығуды орындау тәртібі: атыс басшысының командасы бойынша қызметкер атысты ату шебіне шығады және атысқа дайындығы туралы баяндайды. Қызметкердің атуға дайындығын тексеріп, басшы «Ат» командасын береді және бір уақытта секундомерді қосады. Осы команда бойынша қызметкер ату үшін жағдайды қабылдайды, кобураны ағытады, тапаншаны кобурадан алады, сақтандырғышты ажыратады, оқсалғышқа оқты жібереді және әрбір атудан кейін ату үшін жағдайды ауыстыра отырып, үш рет көздеп атады. Атыс басшысы жаттығуды орындауға берілген уақыт аяқталған соң «Тоқта» командасын береді.

Егер қызметкер оның таңдауы бойынша кез келген дәйектіліктегі атыс үшін барлық үш жағдайды да пайдалана отырып, үш рет атса және жаттығуды орындауға берілген уақыттан асырмаса жаттығу орындалды деп есептеледі.

Бағасы:

«қанағаттанарлық» – нысанаға екі және көбірек дәл тигізу;

«қанағаттанарлықсыз» – барлық қалған жағдайда.

6-жаттығу. Қозғалыстан кейін күндізгі уақытта (тәуліктің жарық уақытында) жылжымайтын нысана бойынша жылдам ату.

Нысана :үш көкірек пішіні, атушының көз деңгейі биіктігінде орналасқан 0,75 x 0,75 м қалқандағы №6 нысана.

Нысана арасындағы аралық - 1 метрден кем емес.

Нысанаға дейінгі аралық: 50 м.

Ату шептері: 20 м, 15 м, 10 м.

Оқ саны: 6 дана.

Атуға берілген уақыт: 25 с.

ату жағдайы: түрегеліп тұрып.

Егер үйренуші алты рет (әрбір нысанаға екеуден) атса және жаттығуға берілген уақыттан асырмаса жаттығу орындалды деп есептеледі.

Бағасы:

«өте жақсы» - нысанаға алты рет дәл тигізу;

«жақсы» - нысанаға бес рет дәл тигізу;

«қанағаттанарлық» - нысанаға төрт рет дәл тигізу және барлық үш нысанаға тигізу жағдайында.

Жаттығуды орындау тәртібі: атыс басшысының командасымен үйренуші бастапқы шепке шығады және атысқа дайындығы туралы баяндайды. Үйренушінің атысқа дайындығын тексеріп, атыс басшысы «Алға» командасын береді және бір уақытта секундомерді қосады. Осы команда бойынша үйренуші бірінші ату шебіне жүгіріп жетеді (20 м), ату үшін жағдайды қабылдайды, тапаншаны кобурадан шығарады, сақтандырғышты ажыратады, оқсалғышқа оқты салады және бірінші көкірек пішініне екі рет атады. Содан кейін қаруды кобураға салмай, қалған көкірек пішіні бойынша 15 және 10 м шепке жүгіріп келіп атады. Уақыт аяқталған соң атыс басшысы «Токта» командасын береді.

7 - жаттығу. Жасырынған жерден әр түрлі қалыптан жылдам ату.

Нысана: үш көкірек пішіні, әрбір ату қалпынан атушының көз деңгейі биіктігінде орналасқан 0,75 x 0,75 м қалқандағы №6 нысана. Нысана арасындағы аралық - 1 метрден кем емес.

Нысанаға дейінгі аралық: 25 м.

Ату шебі: 20 м.

Оқ саны: 6 дана.

Атуға берілген уақыт күндізгі уақыт (тәуліктің жарық уақытында) - 25 с., түнгі уақытта (тәуліктің қараңғы уақытында) - 30 с.

Ату үшін жағдай: ірге мен терезенің оң, сол жақтарын пайдалана отырып, тізерлеп, жатып, түрегеліп тұрып.

Жасырыну: терезесі бар ірге үлгісі; ірге биіктігі - 180 см, ені - 150 см, 50 x 50 см өлшемді терезе еденнен 80 см биіктікте іргеде орналасқан.

Егер үйренуші алты рет атса және жаттығуға берілген уақыттан асырмаса жаттығу орындалды деп есептеледі.

Бағасы:

«өте жақсы» - нысанаға алты рет дәл тигізу;

«жақсы» - нысанаға бес рет дәл тигізу;

«қанағаттанарлық» - нысанаға төрт рет дәл тигізу және барлық үш нысанаға тигізу жағдайында.

Жаттығуды орындау тәртібі: үйренуші 25 м шепте тұрады және атысқа дайындығы туралы баяндайды. Үйренушінің атысқа дайындығын тексеріп, атыс басшысы «Алға» командасын береді және бір уақытта секундомерді қосады. Осы команда бойынша үйренуші атыс шебіне (жасырынатын жерге) жылжиды, тапаншаны кобурадан шығарады, ату үшін жағдайды қабылдайды

(оған ыңғайлы кез келген реттілікте), сақтандырғышты ажыратады, оқсалғышқа оқты жібереді және ірге мен терезенің оң, сол жақтарын пайдалана отырып, әртүрлі жағдайлардан әрбір нысанаға екі рет көздеп атады. Түрегеліп тұрып ату кезінде тіреу ретінде іргенің тік, тізе қалпынан - терезенің (терезе алды тақтайы) көлденең бөлігі пайдаланылады. Жаттығу орындауға берілген уақыт аяқталған соң атыс басшысы «Тоқта» командасын береді.

8-жаттығу. Дене жүктемесінен кейінгі жылдам ату.

Нысана : көкірек пішіні, атушының көз деңгейі биіктігінде орналасқан 0,75 x 0,75 м қалқандағы №6 нысана.

Нысанаға дейінгі аралық: 25 м.

Ату шептері: 20 м, 15 м.

Оқ саны: 4 дана.

Атуға берілген уақыт: күндізгі уақытта (тәуліктің жарық уақытында)- 25 с., түнгі уақытта (тәуліктің қараңғы уақытында) - 30 с.

Ату үшін жағдай: тізерлеп, түрегеліп тұрып.

Егер үйренуші төрт рет атса және жаттығуға берілген уақыттан асырмаса жаттығу орындалды деп есептеледі.

Бағасы:

«өте жақсы» - нысанаға төрт рет дәл тигізу;

«жақсы» - нысанаға үш рет дәл тигізу;

«қанағаттанарлық» - нысанаға екі рет дәл тигізу.

Жаттығуды орындау тәртібі: үйренуші 25 м шепте тұрады және атысқа дайындығы туралы баяндайды. Үйренушінің атысқа дайындығын тексеріп, атыс басшысы «Алға» командасын береді және бір уақытта секундомерді қосады. Осы команда бойынша үйренуші жатып ату қалпын қабылдайды, еденге кеудесін тигізіп және содан кейін қолды толығымен тік ұстап қолды 10 рет бүгіп, жазады. Одан соң бірінші ату шебіне (20 м) жүгіріп жылжиды, тапаншаны кобурадан шығарады, тіземен тұрып ату үшін жағдайды қабылдайды, сақтандырғышты ажыратады, оқсалғышқа оқты салады, бірінші нысанаға екі көздеп атуға дайындалып атысты жүргізеді. Екінші ату шебіне (15 м) жылжиды, түрегеліп тұрып ату үшін қалыпты қабылдайды және екінші нысанаға екі рет көздеп атады. Жаттығу орындауға берілген уақыт аяқталған соң атыс басшысы «Тоқта» командасын береді.

9- жаттығу. Оқжатарды ауыстыра отырып қозғалыстан кейінгі жылдам ату.

Нысана: үш көкірек пішіні, атушының көз деңгейі биіктігінде орналасқан 0,75 x 0,75 м қалқандағы №6 нысана. Нысана арасындағы аралық – 1 метрден кем емес.

Нысанаға дейінгі аралық: 50 м.

Ату шебі: 20 м.

Оқ саны: 6 дана.

Атуға берілген уақыт: күндізгі уақытта (тәуліктің жарық уақытында) - 30 с., түнгі уақытта (тәуліктің қараңғы уақытында) - 35 с.

Ату үшін жағдай: тізерлеп, түрегеліп тұрып.

Егер үйренуші алты рет атса және жаттығуға берілген уақыттан асырмаса жаттығу орындалды деп есептеледі.

Бағасы:

«өте жақсы» - нысанаға алты рет дәл тигізу;

«жақсы» - нысанаға бес рет дәл тигізу;

«қанағаттанарлық» - нысанаға төрт рет дәл тигізу және барлық үш нысанаға тигізу жағдайында.

Жаттығуды орындау тәртібі: үйренуші оқжатарды 3 патронмен жарақтайды, бір оқжатар тапаншаның сабында, екіншісі - қосалқы оқжатарға арналған кобураның қалтасында болады, 25 м шепке шығады және атысқа дайындығы туралы баяндайды. Үйренушінің атысқа дайындығын тексеріп, атыс басшысы «Алға» командасын береді және бір уақытта секундомерді қосады. Осы команда бойынша үйренуші ату шебіне (20 м) жүгіріп жылжиды, тізерлеп ату қалпын қабылдайды, тапаншаны кобурадан шығарады, сақтандырғышты ажыратады, оқсалғышқа оқты салады, әрбір нысанаға бір көздеп атуға дайындалып атысты жүргізеді. Түрегеліп тұрып ату қалпын қабылдайды, оқжатарды ауыстырады және тағы да әрбір нысанаға бір рет көздеп атады. Жаттығуды орындауға берілген уақыт аяқталған соң атыс басшысы «Тоқта» командасын береді.

10-жаттығу. Көздеу үшін шектеулі мүмкіндік жағдайларында қозғалмайтын нысана бойынша орнынан жылдам ату.

Нысана: көкірек пішіні, атушының көз деңгейі биіктігінде орналасқан 0,75 x 0,75 м қалқандағы №6 нысана, қозғалмайтын.

Ату шебі: 15 м.

Оқ саны: 4 дана.

Атуға берілген уақыт: 5 с.

Ату үшін жағдай: түрегеліп тұрып.

Егер үйренуші төрт рет атса және жаттығуға берілген уақыттан асырмаса жаттығу орындалды деп есептеледі.

Бағасы:

«өте жақсы» - нысанаға төрт рет дәл тигізу;

«жақсы» - нысанаға үш рет дәл тигізу;

«қанағаттанарлық» - нысанаға екі рет дәл тигізу.

Жаттығуды орындау тәртібі: үйренуші 15 м ату шебіне шығады, атыс басшысының «Оқта» командасымен тапаншаны кобурадан шығарады, сақтандырғышты ажыратады, оқсалғышқа оқты салады, сақтандырғышты қосады және ату үшін қалыпты қабылдайды (тапанша нысана бағытына бағытталған шынтак буынында бүгілген қолда) және атысқа дайындығы туралы баяндайды. Үйренушінің атысқа дайындығын тексеріп, атыс басшысы «Ат» командасын береді және бір уақытта секундомерді қосады. Осы команда бойынша үйренуші сақтандырғышты ажыратады, ату үшін қалыпты қабылдайды және нысанаға төрт рет атады, бұл ретте бірінші атыс өздігінен атылады. Жаттығу орындауға берілген уақыт аяқталған соң атыс басшысы «Тоқта» командасын береді.

Барлық қызметкерлер үшін автоматтан ату жаттығуы.

1-жаттығу.

Күндізгі уақытта (тәуліктің жарық уақытында) қозғалмайтын нысана бойынша орнынан ату.

Нысана: шеңбері бар көкірек пішіні, жер үсті (сәулесіз) деңгейі биіктігінде орналасқан 0,75x0,75 м қалқандағы №4 нысана, қозғалмайтын.

Нысанаға дейінгі аралық: 100 м

Патрон саны: 6 дана (3 сынама + 3 сынақ).

Атуға берілген уақыт: шектелмеген

Ату үшін жағдай: тіреп жатып ату

Атыс түрі: жеке.

Бағасы;

«өте жақсы» - 25 ұпай;

«жақсы» - 20 ұпай;

«қанағаттанарлық» - 15 ұпай;

Жаттығуды орындау тәртібі: атыс басшысының командасымен үйренуші атыс үшін қалыпты қабылдайды. «Оқта» командасы бойынша қаруды оқтайды және атысқа дайындығы туралы баяндайды. Үйренушінің атысқа дайындығын тексеріп, басшы «Жеке - Ат» командасын береді. Үйренуші қарудың ауыстырғышын атудың қажетті режиміне қойып, оксалғышқа оқты салады, нысанаға үш рет көздеп атады.

2-жаттығу.

Әр түрлі қалыптан шектеулі уақытта қозғалмайтын нысана бойынша ату.

Нысана: шеңбері бар көкірек пішіні, жер үсті (сәулесіз) деңгейі биіктігінде орналасқан 0,75x0,75 м қалқандағы № 4 нысана, қозғалмайтын.

Нысанаға дейінгі аралық: 100 м (5,45 АКС - 74У үшін - 50м).

Патрон саны: 18 (9 сынама+ 9 сынақ)

Атуға берілген уақыт: 1 мин.

Ату үшін жағдай: тіреп жатып, тіземен тұрып, түрегеліп тұрып ату.

Атыс түрі жеке.

Бағасы:

«өте жақсы» - нысанаға алты рет дәл тигізу;

«жақсы» - нысанаға төрт рет дәл тигізу;

«қанағаттанарлық» - нысанаға екі рет дәл тигізу;

Жаттығуды орындау тәртібі: атыс басшысының командасымен үйренуші атыс шебіне шығады (автомат «Белдікте» қалпында ұсталады, жарақталған оқжатар оққалтада болады) және атысқа дайындығы туралы баяндайды. Үйренушінің атысқа дайындығын тексеріп, атыс басшысы «Ат» командасын береді және бір уақытта секундомерді қосады. Осы команда бойынша үйренуші түрегеліп тұрып ату үшін қалыпты қабылдайды, оққалтадан оқжатарды алады, оны автоматқа қосады, ауыстырғышты ату режиміне қояды, оксалғышқа оқты салады және үш рет көздеп атады, тіземен тұрып ату қалпын қабылдайды және үш рет көздеп атады, жатып ату қалпын қабылдайды және көкірек пішініне үш

рет көздеп атады. Бұл ретте автомат ұңғысы әрдайым өз нысанасы бағытына бағытталу керек.

3-жаттығу. Қаптал бойынша атуды ауыстырумен шектеулі уақытта қозғалмайтын нысанаға орнында тұрып ату.

Нысана: көкірек пішіні, № 6 нысана, белдеулік пішін, жер үсті (сәулесіз) деңгейінде орналасқан № 7 нысана (6-қосымша). Қаптал бойынша нысаналар арасындағы аралық 10 метрден кеме емес.

Нысанаға дейінгі аралық:

1) көкірек пішініне дейін - 50 м (5,45 АКС-74У үшін - 25 м).

2) Белдеулік пішінге дейін - 100 м (5,45 АКС-74У үшін - 50 м).

Оқ саны: 6 дана.

атуға берілген уақыт: күндізгі уақытта (тәуліктің жарық уақытында) - 30 с.,

түнгі уақытта (тәуліктің қараңғы уақытында) - 35 с.

ату үшін жағдай: тіреп жатып ату.

Атыс түрі: жеке.

Егер үйренуші алты рет атса және жаттығуға берілген уақыттан асырмаса жаттығу орындалды деп есептеледі.

Бағасы:

«өте жақсы» - нысанаға алты рет дәл тигізу;

«жақсы» - нысанаға бес рет дәл тигізу;

«канағаттанарлық» - нысанаға төрт рет дәл тигізу және барлық екі нысанаға дәл тигізу жағдайында.

Жаттығуды орындау тәртібі: атыс басшысының командасымен үйренуші атыс шебіне шығады (автомат «Белдікте» қалпында ұсталады, жарақталған оқжатар оққалтада болады) және атысқа дайындығы туралы баяндайды. Үйренушінің атысқа дайындығын тексеріп, атыс басшысы «Ат» командасын береді және бір уақытта секундомерді қосады. Үйренуші ату үшін қалыпты қабылдайды, оққалтадан оқжатарды алады, оны автоматқа қосады, қарудың ауыстырғышын ату режиміне қойып, оқсалғышқа оқты салады және нысанаға алты рет көздеп атады (нысанаға дәл тигізуді атыс басшысы анықтайды).

4 - жаттығу. Әртүрлі қалыптан шектеулі уақытта қозғалмайтын нысанаға ату.

Нысана: белдеулік пішін, жер үсті (сәулесіз) деңгейінде орналасқан № 7 нысана және екі көкірек пішіні, № 6 нысана.

Нысанаға дейінгі аралық:

1. көкірек пішініне дейін - 50 м (5,45 АКС-74У үшін - 25 м).

2. белдеулік пішінге дейін - 100 м (5,45 АКС-74У үшін - 50 м).

Оқ саны: 6 дана.

Атуға берілген уақыт: күндізгі уақытта (тәуліктің жарық уақытында) - 40 с.,

түнгі уақытта (тәуліктің қараңғы уақытында) - 45 с.

Ату үшін жағдай: тізерлеп, тіреп жатып ату.

Атыс түрі: жеке.

Егер үйренуші алты рет атса және жаттығуға берілген уақыттан асырмаса жаттығу орындалды деп есептеледі.

Бағасы:

«өте жақсы» - нысанаға алты рет дәл тигізу;

«жақсы» - нысанаға бес рет дәл тигізу;

«қанағаттанарлық» - нысанаға төрт рет дәл тигізу және барлық үш нысанаға дәл тигізу жағдайында.

Жаттығуды орындау тәртібі: атыс басшысының командасымен үйренуші атыс шебіне шығады (автомат «Белдікте» қалпында ұсталады, жарақталған оқжатар оққалтада болады) және атысқа дайындығы туралы баяндайды. Үйренушінің атысқа дайындығын тексеріп, атыс басшысы «Ат» командасын береді және бір уақытта секундомерді қосады. Осы команда бойынша үйренуші түрегеліп тұрып ату қалпын қабылдайды, оққалтадан оқжатарды алады, оны автоматқа қосады, ауыстырғышты ату режиміне қойып, оқсалғышқа оқты салады және белдеулік пішінге екі рет көздеп атады, тізерлеп тұрып ату қалпын қабылдайды және көкірек пішініне екі рет көздеп атады, жатып ату қалпын қабылдайды және басқа көкірек пішініне екі рет көздеп атады.

5 - жаттығу. Қозғалыстан кейінгі шектеулі уақытта қозғалмайтын нысанаға ату

Нысана: белдеулік пішін, жер үсті (сәулесіз) деңгейінде орналасқан № 7 нысана және екі көкірек пішіні, № 6 нысана. Қаптал бойынша нысаналар арасындағы қашықтық 10 м-нен кем емес.

Нысанаға дейінгі аралық:

1.көкірек пішініне дейін - 50 м (5, 45 АКС-74У үшін - 25 м).

2.көкірек пішініне дейін - 75 м (5, 45 АКС-74У үшін - 35 м).

3.Белдеулік пішінге дейін - 100 м (5, 45 АКС-74У үшін - 50 м).

Оқ саны: 9 дана.

Атуға берілген уақыт: күндізгі уақытта (тәуліктің жарық уақытында) - 40 с. түнгі уақытта (тәуліктің қараңғы уақытында)-45 с.

Ату үшін жағдай: үйренушінің таңдауы бойынша.

Атыс түрі: автоматты.

Егер үйренуші тоғыз рет атса және жаттығуға берілген уақыттан асырмаса жаттығу орындалды деп есептеледі.

Бағасы:

«өте жақсы» - нысанаға үш рет дәл тигізу;

«жақсы» - нысанаға екі рет дәл тигізу;

«қанағаттанарлық» - нысанаға бір рет дәл тигізу.

Жаттығуды орындау тәртібі: атыс басшысының командасымен үйренуші 150 м бастапқы шепке шығады (автомат «Белдікте» қалпында ұсталады, жарақталған оқжатар оққалта да болады) және атысқа дайындығы туралы баяндайды.

Үйренушінің атысқа дайындығын тексеріп, атыс басшысы «Алға» командасын береді және бір уақытта секундомерді қосады. Осы команда бойынша үйренуші автоматты қолына алады, 50 м қашықтыққа жүгіріп жетеді, ату үшін қалыпты қабылдайды, оққалтадан оқжатарды алады, оны автоматқа қосады, карудың ауыстырғышын автоматты режиміне қойып,

оқсалғышқа оқты салады және нысанаға үш рет атады (атуды ауыстыру кезінде үйренуші басқа жақта тұруына болады).

Тапаншадан бақылау жаттығу

Атыс даярлығы бойынша бақылау жаттығу қызметкерлердің атыс дайындығы деңгейін бағалауға арналған. Атыс даярлығы бойынша сабақ кестесін жасау кезінде ішкі істер органы (бөлініс) бастығы қосалқы және оқу жаттығуларынан басқа тапаншадан бақылау жаттығуларын тоқсан сайын орындауды жоспарлайды. Бақылау жаттығуларын орындағаны үшін жеке бағалар тұрақты кәсіби қызметтік және дене шынықтыру даярлық бойынша сабаққа қатысу және үлгерімін есепке алу журналына қойылады. Егер осы Нұсқаулыққа сәйкес орындау шарттары мен тәртібі сақталса бақылау жаттығу орындалды деп есептеледі. Егер бақылау жаттығу орындау барысында қызметкер қаруды (оқ-дәрілерді) қолданған кезде қауіпсіздік шараларын бұзушылыққа жол берсе, орындау тоқтатылады және қызметкерге «қанағаттанарлықсыз» деген баға қойылады.

Атыс даярлығы бойынша бақылау жаттығу қызметкерлердің атыс дайындығы деңгейін бақылауға арналған.

Қозғалмайтын нысана бойынша күндізгі уақытта (тәуліктің жарық уақытында) шектеулі уақытта орнында тұрып ату.

Нысана: көкірек пішіні, атушы көзінің деңгейінде орналасқан 0,75x0,75 м қалқандағы № 4 немесе №6 нысана қозғалмайтын.

Нысанаға дейінгі аралық: 25 м

Патрон саны: 6 дана (3 сынама + 3 сынақ).

Атуға берілген уақыт: 12 секунд. Жаттығуды орындау уақыты команда (сигнал) берілгеннен бастап «Ат» әрекеті басында «Тоқта» командасына дейін есептеледі.

Ату үшін жағдай: Лауазымдық міндеттерін қарумен орындайтын қызметкерлер үшін тапанша кобурада тұрады. Қалған қызметкерлер үшін тапанша тіреуіште жатады. Тапанша ұңғысы нысана бағытына бағытталады.

Егер үйренуші үш рет атса және жаттығуға берілген уақыттан асырмаса жаттығу орындалды деп есептеледі.

Бағасы:

«өте жақсы» - нысанаға үш рет дәл тигізу;

«жақсы» - нысанаға екі рет дәл тигізу;

«қанағаттанарлық» - нысанаға бір рет дәл тигізу;

Ату нәтижелерін анықтау кезінде егер оқтың калибрі габарит сызығын сыртқы жағынан жапса немесе тисе нысанадағы оқ өткен жер үлкен мүмкіндікпен есептеледі.

Жаттығуды орындау тәртібі: Атыс басшысының «Оқта» командасы бойынша үйренуші тапаншаны кобурадан алады, жарақталған оқжатарды сап негіздемесіне салады және кобураға салып тастайды (не болмаса тіреуішке қояды), кобураның ілмегін салады, ату үшін қалыпты қабылдайды (қолды тік ұстап төменге түсіру) және атысқа дайындығы туралы баяндайды. Үйренушінің

атысқа дайындығын тексеріп, атыс басшысы «Ат» командасын береді және бір уақытта секундомерді қосады. Осы команда бойынша үйренуші тапаншаны кобурадан (тіреуіштен) алып шығады, ату үшін жағдайды қабылдайды, сақтандырғышты ажыратады, оқсалғышқа оқты салады (тапаншаны бір уақытта көтеріп, оны өз нысана бағытына бағыттайды) және төрт рет көздеп атады. Жаттығу орындауға берілген уақыт аяқталған соң атыс басшысы «Тоқта» командасын береді. «Тоқта» командасынан кейін атыс тоқтатылады. Үйренуші ағытқыш ілмектен саусағын алады және қаруды өз нысана бағытында ұстайды.

«Тоқта» командасынан кейін жасалған әрбір атыс үшін бір оқ өткен жер алынып тасталады.

Ескертпе: Сынап көру атысы кезінде оң нәтижеге ие болған қызметкер сынақ атудан бас тартуға құқылы.

3. Атыс даярлығын бағалау тәртібі.

Қызметкерлердің атыс даярлығы:

1) оқу сабақтарында (атыс жаттығуларын орындау кезінде);
2) жеке жаттығулар мен бөлімдерді меңгеру деңгейін анықтау мақсатындағы бақылау-тексеру сабақтарында (уақыттың белгіленген кезеңінде оқу қорытындысы бойынша);

3) бақылау атыстарда: инспекциялау немесе тексеру кезінде;
оқытудың жылдық қорытындылары бойынша;
біліктілік атақтарын беруге (растау); сынақтар, аттестаттау, кезектен тыс аттестаттау, атыс қаруын қолдану және пайдалану мен байланысты іс – қимылдарға жарамдылығына басқа да сынақтар өткізу кезінде бағаланады.

Қызметкердің атыс даярлығының жеке бағасы оның бақылау жаттығу орындағаны үшін алған бағасының нәтижелері бойынша қойылады.

Егер жаттығу қарудың, оқтардың, нысана жабдығының жарамсыздығына байланысты немесе атушыға тәуелді емес басқа да себептер бойынша орындалмаса, онда тексерушінің немесе атыс басшысының рұқсатымен жаттығуды қайта жасайды.

ПО бөлінісіне, ІІМ-нің ведомстволық білім беру ұйымына (тұрақты құрам) баға таңдап тексерілген қызметкерлердің (жеке құрамның 30 пайызынан кем емес) атысы үшін жеке бағаларының негізінде қойылады және анықталады:

«Өте жақсы» - егер 90 пайыздан кем емес оң баға алса, бұл ретте тексерілетін қызметкерлердің жартысы «өте жақсы» деген баға алған;

«Жақсы» - егер 80 пайыздан кем емес оң баға алса, бұл ретте тексерілетін қызметкерлердің жартысы «жақсы» деген баға алған;

«Қанағаттанарлық» - егер бірден көп емес тексерілген бөлініс «қанағаттанарлықсыз» деген баға алса;

«Қанағаттанарлықсыз» - барлық қалған жағдайларда.

Практикалық тексеріс үшін қажетті қызметкерлер санын қамтамасыз етпеген бөлініске «қанағаттанарлықсыз» деген баға автоматты түрде қойылады.

Ведомстволық білім беру ұйымының тыңдаушыларының атыс даярлығының жеке бағасы тиісті оқыту жылына арналған жұмыс бағдарламасында көзделген бақылау жаттығулар бойынша анықталады.

Ату нәтижелерін анықтау кезінде егер оқтың калибрі габарит сызығын сыртқы жағынан жапса немесе тисе нысанадағы оқ өткен жер үлкен мүмкіндікпен есептеледі.

4. Атыс даярлығы бойынша нормативтер.

Атыс дайындығы жөніндегі нормативтер қызметкерлердің қаруды қолдануға сапалы тәсілдерді анықтау үшін бағытталған.

Бөлімше бастығы атыс дайындығы бойынша сабақ кестесін құрастыру кезінде атыс дайындығы жөніндегі нормативтерді өтеу ай сайын жоспарланады.

Нормативтерді орындауда алған жеке бағалар ату дайындық сабағының есепке алу журналында бағаланады.

Егер нұсқауларда ату ісі бойынша көрсетілген нұсқамаларға сәйкес және оларды дұрыс орындаған жағдайда және барлық шарт сақталса, норматив орындалды деп есептеледі. Егер норматив тапсыру кезінде бір қате кетсе, яғни қызметкер жарақаттанса немесе қару сынған жағдайда, нормативті әрі қарай орындау тоқтатылады және қызметкерлерге қанағаттанарлықсыз деген баға қойылады.

Нормативті орындау уақыты үйренушінің «дайынмын» деп баяндағаннан кейін атыс жетекшісінің баста деген команда беруден есептелінеді.

Норматив №	Норматив атауы	Нормативті орындау жағдайлары	Нормативтерді секундiне орындау бағасы және уақыты		
			өте жақсы	жақсы	қанағат
Тапанша 9мм. МТ					
1.	Оқжатарды жарактау	Оқжатар қолда, 8 патрон үстелде шашулы	19	21	23
2	Тапаншаны толық емес бөлшектеу	Үйренуші үстелдің жанында болу керек, екі қолы төмен. Тапаншаға оқжатар жалғанған үстелдің үстінде	7	8	9
3	Тапаншаны толық емес бөлшектеуден кейін жинау	Үйренуші үстелдің жанында болу керек, екі қолы төмен. Тапаншаның бөлшектері және механизмдері тиянақты үстел үстінде қойылған	9	10	11
4	Атысқа дайындық және ату	Тапанша кобурада: -тұрып -тізірлеп -жатып	3,5 4 5	4,0 5 6	4,5 6 7
Автомат КА-74					
5	Оқжатарды жарактау	Оқжатар қолда, 30 патрон үстелде шашулы	40	45	50
6	Автоматты толық емес бөлшектеу	Үйренуші үстелдің жанында болу керек, екі қолы төмен. Автоматқа оқжатар жалғанған үстелдің үстінде	18	22	26
7	Автоматты толық емес бөлшектеуден кейін жинау	Үйренуші үстелдің жанында болу керек, екі қолы төмен. Автоматтың бөлшектері және механизмдері тиянақты үстел үстінде қойылған	30	35	40
8	Атысқа дайындық және ату	Автомат «белбеуде» оқжатарға жалғаулы -тұрып -тізірлеп -жатып	5 6 7	6 7 8	7 8 9

Әдістемелік ұсыным ПӘС мәжілісінде талқыланып, мақұлданды
2016 жылғы «_____» _____ Хаттама № _____

ПӘС-ның төрағасы
полиция подполковнигі

С.Ж.Тоқтабеков